

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 916 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 маусымдағы N 573 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.02.27. N 152 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.02.27. N 152 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Ақтау халықаралық теңіз сауда портының екінші кезегі құрылысының кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 916 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:
мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Маңғыстау облысының әкімі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісім бойынша Ақтау портын солтүстік бағытта кеңейту және гидротехникалық құрылыстар салу үшін заңнамада белгіленген тәртіппен су қоры жерінен жалпы алаңы 35 гектар жер учаскесін 49 (қырық тоғыз) жыл мерзімге осы қаулының 3-тармағында көзделген шарттарда Серіктестікке уақытша өтемді жер пайдалануға беруді қамтамасыз етсін."

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі